

**"Болашақ" бөбекжай - бақшасы
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорынының
2024 - 2025 оқу жылына
арналған жылдық жұмыс
ЖОСПАРЫ**



Таукеңт кенті



БЕКІТЕМІН

Балыбақша меңгерушісі

Қ.Н.Жамиева

2024 жылғы 29 тамыз

2024 жылғы 29 тамыз № 01 педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілген.

1. Анықтама

2. 2023 – 2024 оқу жылына талдама

3. 2024 – 2025 оқу жылының жылдық міндеттері жоспарлау

1. Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру

Бұл бөлімде кадрлармен жұмыс жүйесі жоспарланады:

- біліктілікті арттыру курстарынан өту (сараланған тәсілді ескере отырып, педагогтердің әртүрлі санаттары үшін);
- аттестаттауға дайындық және аттестаттау;
- кәсіби шеберлікті арттыру мақсатында педагогтердің әдістемелік бірлестіктерге, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, вебинарларға, шеберлік сыныптарына және т. б. баруы;
- педагогтердің өз білімін жетілдіруі.

2. Педагогикалық- ұйымдастырушылық-жұмыс

Әр түрлі жұмыс нысандары мен әдістерін қолдана отырып, педагогтерге әдістемелік көмек көрсету:

- педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу;
- озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау, енгізу, тарату;
- зияттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасау;
- аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық олимпиадалар мен кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесіне сәйкес конкурстарға қатысу;
- кеңес беру;
- семинарлар, семинар-практикумдар;
- ашық есік күніне қатысу;
- шеберлік сыныптары;
- инновациялық технологияларды сынақтап өткізу және енгізу;
- эксперименттік әрекетке қатысу
- әдістемелік кабинетті жабдықтау және материалдармен толықтыру.

Тәрбие жұмысы.

Тәрбиеленушілердің қатысуымен әлеуметтік-адамгершілік, тұлғалық, эстетикалық, экологиялық және дене тәрбиесі бойынша іс-шаралар (конкурстар, көрмелер, экскурсиялар, дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары және т.б. өткізу).

Тәрбиелеу-білім беру процесін психологиялық-педагогикалық және медициналық қолдау: педагог-психологтың, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруда арнайы педагогтың, медицина қызметкерлерінің жұмыс түрлері.

3.Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас.

Бұл бөлімде тәрбиеленушілердің ата-аналарының (заңды өкілдерінің) психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру бойынша жұмыс жоспарланады (ата-аналар жиналыстары, семинарлар, тренингтер, практикумдар, дөңгелек үстелдер, консультациялар және т. б.):

- балалардың, ата-аналар мен педагогтердің бірлескен шығармашылығы (конкурстар, акциялар, мерекелер және ойын-сауық);
- ата-аналарды ақпараттық стендтерде, балабақшаның ресми сайтында түрлі мәселелер бойынша хабарлар ету.

4. Орта білім беру ұйымдарымен өзара іс-әрекет.

Сүгір Әдіұлы атындағы білім бөлегін мектебімен жұмыста сабақтастық мәселелері бойынша іс-шаралар жоспарланады.

5. Жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша жұмыс

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырыналы.

6. Бақылау мен басшылық: бақылау түрлері мен мазмұны .

Бұл бөлімде мектепке дейінгі ұйымды басқарушы бақылау-диагностикалық қызметімен байланысты және ішкі бақылау жүйесі ретінде ұсынылады. Мұнда бақылаудың түрлері мен нысандары жоспарланады (шұғыл, тақырыптық, кененді, фронтальды).

7. Әкімшілік-шаруашылық жұмыс.

Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық және қаржылық базасын нығайту бойынша барлық жұмыстар жоспарланады: - жөндеу жұмыстары, дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны жарақтандыру және толықтыру және т. б.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілердің білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасау және оларға түлету-педагогикалық көмек көрсету.

Мектепке дейінгі ұйымның жалпы сипаттамасы
«Болашақ» бөбекжай – бақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорын туралы мәліметтер

Мектепке дейінгі ұйымның жалпы сипаттамасы

Ұйымның атауы: Түркістан облысының білім басқармасының

Сөзак ауданының білім бөлімінің

"Болашақ" бөбекжай – балабақшасы МКҚК

Мекенжай: Ісмет Кеңесбаев көшесі № 165 үй

Заңды тұлғаның байланыс деректері:

Телефон / факс: 8725 46 3 50 80

Электронды пошта: bolashak.2009@mail.ru

Веб-сайт:

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері : 2022 жылғы 17-қаңтар № 19

Жамиева Қарлығаш Нышанбайқызы

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (МДҰ Жарғысы):

Рұқсат беру құжаттары (МДҰ қызметінің басталуы туралы хабарлама):

Ұйым түрі: мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу

Меншік нысаны: мемлекеттік

Ғимараттың түрі: типтік

Пайдалануға берілген жылы: 2009

Ғимараттың салынған жылы: 2014

Оқу тілі: қазақ тілі

Тонгар саны: 6

Тәрбиеленушілер саны: 145

АНЫҚТАМА

I. Өткен оқу жылының тәрбиелеу мен оқыту жұмысы бойынша талдауы

Бағдарламаның барлық бөлімдері бойынша білім беру салаларының мониторингі:

Балабақшадағы жемісті жұмыстардың көрсеткіштерінің бірі, балаларды мектепке сапалы дайындау болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беруге жүргізілетін мониторинг балалардың бес білім беру саласы бойынша даму динамикасын қадағалауға мүмкіндік берді. Тәрбиеленушілердің білімін мөлшерлеуші ретінде, балаларды жетілдіруді дамыту деңгейінің диагностикалық картасы қолданылады. Бұл үшін барлық жастағыларды дамыту картасы әзірленген. Мөлшерлеу құралы болып, әр түрлі тақырыптағы тапсырмалар, бес білім беру дағдылары: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бойынша әр түрлі жастағы топтарда жүйелендірілген дидактикалық материалдар қолданылады. Балаларды бақылау әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностикалық жағдаяттар арқылы жүзеге асады. Тексеру нәтижелеріне өтпелі тақырыптық есеппен қорытынды жасалады және одан әрі жұмыс істеу үшін түзетулер енгізіледі.

Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Индикаторлар – білім беру салалары бойынша баланың жасына сәйкес күтілетін нәтижелерге жету көрсеткіштері. Күтілетін нәтижелер баланың әр жас топтарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына айқындалған. Баланың күтілетін нәтижелерге жетуі педагогтың баланың дамуын үнемі бақылауы яғни диагностика арқылы іске асырылады. Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылады. Балаларды жектілікті дамытуды бағалау үшін «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығына сәйкес тәрбиеленушілердің білімін бағалау өлшемдері қолданылды. Балаларды тәрбиелеу мен оқыту деңгейлерін қадағалау баланың жасына сәйкес жетістіктерінің мониторингі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы дайындаған Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымына сүйеніп жасалынды.

Индикаторлар көрсеткіш ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз етеді және оның жеке дамуын жоспарлауға негіз болып табылады. Осы диагностика негізінде тәрбиеші, психолог және педагог мамандармен бірге Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықталды. Нәтижесінде оқу жылының соңында жүргізілген зерттеу мониторингісінің салыстырмалы қорытындысы «Қатынас», «Денсаулық», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бес білім беру дағдылары бойынша анықталып, жүргізілді. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік берді. Оқу

жылының басында тәрбиеленушілерден бастапқы диагностика алынды. Нәтижесінде төмен деңгейдегі балалардың үлесі-42,5%, орташа деңгейдегі балалардың үлесі-54,2%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-9,4%-ды көрсетті.

Аралық бақылау нәтижесінде, тәрбиеленушілерден аралық диагностика алынды. Нәтижесінде төмен деңгейдегі балалардың үлесі-31,5%, орташа деңгейдегі балалардың үлесі-64,2%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 4,3%-ды көрсетті.


Оқу жылының соңында тәрбиеленушілерден қорытынды диагностика алынды. Қорытынды бағалау мониторингіті жүргізу үшін аралық бақылау мониторингіті бағалау нәтижелерін басып-ылыққа ала отырып, карантинге дейін жұмыстанған екі айда жүргізген жеке жұмыстарының бағалау нәтижелері бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына қорытынды бақылау мониторингіті жүргізілді. Нәтижесінде төмен деңгейдегі балалардың үлесі-16,8%, орташа деңгейдегі балалардың үлесі-42%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 26,3%-ды көрсетті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келесі оқу жылында тәрбиеленушілермен жеке жұмысты күшейту қажеттігі анықталды. Мониторинг нәтижесі бойынша балалардың құзыреттіліктерінің даму динамикасының оңтайлы екендігі байқалады. Бұдан ұйымдастырылған оқу қызметтері жеткілікті деңгейде жүргізілуде деген қорытынды жасауға болады. Биылғы жылы бобекжайда балалардың даму құзыреттіліктерінің диагностикасы ғана емес, сонымен қатар балалардың мектепке дайындығына да талдау жасалған. Бітірушілер тобы біреу. Талдау нәтижесі төмендегідей:

№ р/с	Зерттелген білім беру салалары	Қыркүйек 2023 ж.			Қаңтар 2024 ж.			Мамыр 2024 ж.		
		Балаңыздың даму деңгейі								
		I	II	III	I	II	III	I	II	III
5 жастағы мектепалды даярлық тобы										
1	Сөзат ашу негіздері және сөйлеуді дамыту		9%	91%	-	8%	93%		4%	100%
2	Математика негіздері		17%	83%		17%	83%		11%	91%
	Орташа пайыз:		13	87	-	12,5	88	-	7,5	85,5

Қыркүйек 2023ж.

Қаңтар 2024ж.

Мамыр 2024 ж.



Салыстырмалы бақылау нәтижесінде, тәрбиеленушілермен тіл дамыту жұмыстарын жиі жүргізу, балаларды өз бетінше әрекет етуге, ойын шынықтыруға, ойын шынықтыруға үйрету.

шығармашылық қабілеттерін дамыту, сурет салу өнеріне баулу, ермексазбен жұмыс жасау технологиясын үйрету қажеттілігі анықталды. Тәрбиешілер мен басқа барлық мамандардың жұмыстары өте тығыз ынтымақтастықта жүргізіледі. Балалардың даму деңгейін тексеру және бақылау әдіскер М.К.Алтыбаеваның басшылығымен әдістемелік кеңесте талқыланды.

Ұсыныс: тәрбиеленушілермен жеке, топтық жұмыстарын күнгейту, шығармашылыққа бейімдеу, жаңа технология элементтерін ұйымдастырылған оқу қызметінде жүйелі қолдану, ата-аналармен байланысты нығайту.

Шешу жолдары: Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай дидактикалық материалдарды, көрнекіліктерді дайындау, тәрбиешілердің біліктіліктерін арттыру жұмыстарын жандандыру.

Жылдық жоспардың ұйымдастырылған педагогикалық қызметі жұмысының орындалуы бойынша талдау

«Болашақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК ұжымының оқу-тәрбиелік жұмысы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жаппыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» заң талаптарына сәйкес жан-жақты дамыған, шығармашыл тұлға тәрбиелеу қиын да ұзақ үрдіс. Ол өмір бойы жалтасып табады. Бірақ ең белсенді сезімдер, өмірлік ұстанымдар, адамдарға деген көзқарас, өзін-өзі ұстау мәнері әсіресе мектепке дейінгі жылдарда қалыптасады. Баланың дағдыларын, ойлау қабілетін, шығармашылық қиялын, психологиялық икемділігін тұлғаға бағытталған оқыту қалыптастыратындықтан, балаларды тәрбиелеу және оқыту өте тиімді болып табылады.

Балабақша мақсаты: Балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау, мектеп жасына дейінгі балаларға экология құралдары арқылы, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде нақты жашылама түсініктерді қалыптастыру. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру.

Балабақшаның басымдылық бағыты:

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру аясында мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізгі бағыттары:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құруды;
- балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамытуды;
- баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъект) деп тану;
- ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға қоғамның оң көзқарасын қалыптастыруды;
- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіруді (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жанғы когнитивтік дамуы);
- әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың санына мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі негізгі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту; - білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту.
- Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру барысында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру мақсатына сәйкес келесі күтілетін нәтижелерге жету ұсынылды:
- мектепке дейінгі ұйым деңгейінде:

- мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы бақытты, дені сау, дербес, білуге құмар, тіл табысқыш, сын тұрғысынан ойлайтын балалардың толыққанды дамуы үшін жағдай жасауға;

- баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған трансформацияланып отырған және тақырыптық аймақтар, инклюзивті дамытушы орта құруға;
- ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-азамгершілік құндылықтар негізінде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыруға;
- отбасымен ынтымақтастық нысандарын кеңейтуге;
- ерте жастағы балалар үшін жағдай жасауға.

Балаларға:

- физикалық аман-саулықты;
- әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттілікті;
- когнитивтік және қарым-қатынас дағдыларын дамытуды;
- таным мен зерттеуге деген жоғары ішкі мотивацияны дамытуды;
- бастамашылықты, дербестікті және жауапкершілікті дамытуды;
- өзіне және айналасындағыларға қамқорлық көрсетуді;
- өз бетінше саналы таңдау жасай білуді;
- командада жұмыс істей білуді;
- сын тұрғысынан ойлауды дамытуды;
- креативтілікті қолдауды;
- психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз етуге;

ата-аналарға:

- білім беру процесінің қатысушылары болуға;
- баланың психикалық және физикалық денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге;
- баланың жеке мүмкіндіктерін дамытуға;
- көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану деңгейін арттыруға;
- үйде баланың толық дамуы үшін жағдай жасауды консультациялық көмек алуға мүмкіндік берелі.

Алға қойылған тапсырмаларды МДББМ іске асыру жұмыстары:

- Театрландыру элементтерін пайдаланып, театрланған ойындарды қолдану арқылы іс-әрекет өткізу;
- Күнделікті өмірде, өмірлік сәттерде қолдану;
- Тақырыптық сұхбаттасу арқылы өзекті мәселені шешу;
- Мемлекеттік тақырыптағы мереке (бекітілген мемлекеттік календарлық кестеге сәйкес) іс-шара өткізу;
- Бейнегазпалар көру, суреттер, мемлекеттің өмірін сипаттайтын суреттер көрсету;
- Ата-аналарды қатыстырып, байқаулар ұйымдастыру.

Қорыта келе, балабақшаның оқыту-әдістемеліктің басты бағыттары мыналар:

- Баланың зияткерлік қабілеттілігін қалыптастыру үшін тиісті шараларды жасау;
- Баланың эмоционалды өмірі үшін қажетті талаптарды орындау;
- Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде өтетін сауықтыру шараларын ұйымдастыру.

Оқу-тәрбие жұмысы ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және әдістемелік нұсқаулықтарға және қосымша талаптарына сай іске асырылды. Балабақша топтарындағы тәрбие процесі СанПиН талаптарына сәйкес ұйымдастырылды. Балабақшадағы тәрбие процесінің мазмұны мен ұйымдастырылуы педагогтардың перспективалық-тақырыптық жоспарларымен, әр жас топтары үшін апталық циклограммалармен реттелді.

Оқу процесінің бағыты таңдалған білім беру бағдарламасының келесі принциптеріне сәйкестігін қарастырады:

- балалардың табиғи қызығушылығына сену;
- балалардың жеке басының бағытын ескере отырып,
- балалардың танымдық белсенділігін ынталандыратын білім беру ортасын ұйымдастыру.

Бір жыл ішінде әдістемелік және оқу әдебиеттері, оқу құралдар, қаралып, талданды. Тәрбиешілер жаңа дидактикалық оқулықтар, түрлі тақырыптар бойынша тақырыптық материалдар дайындады. Бір жыл ішінде тақырыпты дамыту ортасын жабдықтау мәселесі шешілді. Оқу жылының басында жүзеге асырылатын білім беру бағдарламасының талаптарын және білім беру салаларының интеграциясын ескере отырып, оны құру үшін көптеген жұмыстар атқарылды. Барлық топтардағы дамытушы орта байытылды: рәлдік ойындарға атрибуттар, қуыршақтар жиынтығы, т.б. жинақталды.

Танымдық даму деңгейінің іске асырылуын талдау.

Жыл бойына шығармашылықпен жұмыс жасай отырып, тәрбиешілер балаларды бастауыш идеялар жүйесін, математикалық ойлаудың алғышарттарын және мектепте және жаппы психикалық дамуда математиканы мен еруте қажетті жеке логикалық құрылымдар қалыптастырды. Тәрбиешілер стандартты емес шешімдерді іздеуге әкелетін, балалардың танымдық белсенділігін ынталандыратын оқыту әдістері мен әдістерін қолданды. Танымдық материал балаларға дайын түрінде берілмеді, бірақ маңызды белгілерді анықтай отырып, тәуелсіз талдау арқылы жинақтады. Бұған балалардың әртүрлі тәуелсіз эксперименттерін қоса отырып, топта даму ортасын құру көмектесті.

«Сөйлеуді дамытуды» іске асыруды талдау

Тәрбиешілер сөздік қорын байытуға, дыбыстық мәдениетті, сөйлеудің грамматикалық аспектілерін жақсартуға мүмкіндік берді. Сөйлеуді дамыту бойынша балалармен бірлескен іс-шаралар көпшілік және қызықты ойын түрінде өтті. Кіші топтың тәрбиешілері жаңа сөздер мен әндерді есте сақтауға көмектесетін түрлі материалдар мен әдістерді (әндер, рифмдер, қайталанулар, мимикалық ойындар) қолдана отырып, сөйлеу жұмыстарын жүргізді. Сөйлеу және ономотопеялық ойындарда олар тілдің семантикалық жағына сезімталдықты сәтті дамыды.

«Әлеуметтік-коммуникативтік даму» процесін іске асырылуын талдау.

Тәрбиешілер ҰОҚ-н ұйымдастыруда, балалардың жаттығуларында, балалардың еркін іс-әрекеттерін ынталандыруда әлеуметтік дағдыларды дамытуға көп көңіл бөлді. Ең үлкен қиындық балалармен еркін қарым-қатынас ұйымдастырылған оқу қызметін өту емес, бірге жаңа нәрселерді ашу мүмкіндігі болды. Барлық тәрбиешілер әр баланы қабылдауға қабілетті емес. Кейбір тәрбиешілер іс-әрекеттер мен істің оң бағасын қолдана отырып мектеп жасына дейінгі балалардың да жетістіктерін байқауға үйренуі керек.

«Көркем және эстетикалық дамуы» іске асыруды талдау.

Бағдарламаның нәтижелері, балалардың визуалды белсенділігі бойынша жұмыстарының талдауы негізінде тәрбиешілер балалардың жас топтарында бағдарламаның талаптарын орындағанын атап өтті. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде сурет салуды дәстүрлі тәсілдермен ғана емес, алақандармен сурет салуға, көбік резеңкеден, шаблондармен және т.б. қолдануға үйрету жұмыстары жүргізілді. Сурет салу, модельдеу, қосымшалар сабақтарында әрдайым балаларда жағымды жауап - сурет салу, бояуға деген құштарлық байқалады.

«Физикалық даму» деңгейінің жүзеге асырылуын талдау

Оқу жылының басталуымен салыстырғанда балалардың физикалық дамуының көрсеткіштері жоғары болды, бұл бағдарламаның осы бөліміндегі спорт нұсқаушысы мен тәрбиешілерінің жүйелі жұмысын көрсетеді. Диагностикалық мәліметтерге сәйкес физикалық дамуы төмен балалар анықталды, олар денсаулығында ауытқулары бар балалар: салмағы аз, жөі ауырады.

Педагогтер дене шынықтыру дағдысы бойынша шыдамдылық, жылдамдық, ептілік сияқты қасиеттерді дамыту жұмысын жоспарлады.

Өнімділік көрсеткіштері:

- өсу көрсеткіштерінің оң және жасқа сәйкес динамикасы;

- денсаулығының мықты болуы, мектепке дейінгі білім беру мекемесіне барған кезде балалардың эмоционалды жағдайының жақсаруы, шағымдар жоқ;

- Жедел аурудың асқынған ағымының болмауы;

- Жылына ауруға байланысты бір баланың жіберіп алған күндерінің санын азайту.

• сауықтыру алдын-алу шараларына және педагогикалық процестерге атаналардың белсенділігі, қызығушылығын арттыру.

Қорытынды: Жасалған жұмыстарға карамастан, Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес балабақшаның пәндік-дамытушылық ортасын кеңістікте ұйымдастыру басты міндеттердің бірі болып қала береді. Кеңістіктегі қағидаға сәйкес топтағы балалардың өмірін ұйымдастыру жұмыстарын жалғастыру қажет, топ бөлмелерін балалардың еркін ойын қажеттіліктеріне оңай айналдыруға болатын модульдік орталықтармен жабдықтау қажет.

Қиыншылықтар:

- Балалар оқу және ойнау әрекеттері кезінде байланыстыратын сөздерді аз пайдаланады, көп түрде берілген синтаксистік құрылымдарды құруда қиыншылық танытады, балалардың сөз сөйлеу мәнері айқын емес.
- Педагогтардың аудандық, облыстық, республикалық сайыстарға қатысу деңгейі әлі де төмен, қызығушылығы жоқ.

Себептері:

- Бөбекжайға алғаш рет келген балалардың білім шамасы жеткіліксіз, сөздік қорлары шектеулі.
- Педагогтардың аудандық, облыстық, республикалық сайыстарға қатысуға қызығушылығы төмен.

Шешу жолдары: Бөбекжайдың танымдық хабарларлық міндеттерлі жүзеге асыру жөніндегі жұмысын талдай отырып, балалардың тілін дамытуға ерекше назар аудару қажет, оларды көркем әдебиетпен және театрландырылған әрекеттермен таныстыру, педагогтарды әр түрлі сайыстарға қатыстыруды ынталандыру.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттық қазыналар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасау», - деп ерекше атап көрсетілген. Осы Заңның 8-бабында «Білім беру мекемелеріндегі тәрбиелеу бағдарламалары этномәдениет элементтерімен байытылады», - делінген. Халқымыз «Қисық біткен талды жастайынан түземесе, буыны қатқан соң оның көлеңкесі де қисық болып тұрады» деп бекер айтпаса керек. Осыған байланысты бүгінгі бүлдіршіндерді жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеуде балабақша қызметкерлерінің жауапкершілігін де арттыра түсуде. Себебі біздің халқымыз үшін бала тәрбиесі бүкіл зиялы қауымның, бүкіл қоғам нұғылданатын ұлағатты істің тұтас бір кешеніне айналып отыр. Жаңа оқу жылында қазақ халқының ұлттық брендтерін насихаттау бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу.

2023-2024 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтардың тізімі бойынша

Педагог қызметкерлерді аттестаттау біліктілік деңгейін, кәсіби құзырлығы іс-әрекеттерінің нәтижелілігін және сапасын талдау, оның әдістемелік тәжірибе эксперимент және ғылыми зерттеу жұмыстарына қатысу негізінде зерделенеді және негізгі лауазымы бойынша бірдей санат берілуімен өткізіледі. Аттестаттау комиссиясының жұмысы қазан және наурыз айы аралығында ұйымдастырылды, бұйрықпен комиссия құрамы бекітілді. Аттестаттау комиссиясы «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығына қосымша Қазақстан

Республикасы Оқу-ағарту министрі 2024 жылғы 2 сәуірдегі № 72бұйрығына сәйкес жұмыс жасалды. Бөбекжайда 15 педагог жұмыс жасалды. Оның ішінде 1 педагог І санатты, 8 педагог екінші санатты, 6 педагог санатсыз.

Материалдық-техникалық база. Бөбекжайдың ашылуы барысында жақсы материалдық-техникалық база құрылған, ол балалармен денсаулық сақтау және тәрбиелік-білім беудің жұмыстарына қойылатын талаптарға сай келеді. Бөбекжайда арнайы топтық бөлмелер, жатып орындар, тамақтану орындары бар. Кабинеттер: әдістемелік, психолог, мұражай кабинеті. Музыкалық зат заманауи музыкалық құралдармен жабдықталған.

Бөбекжай алаңы безендірілген, әр жастық алаңы қажетті ойын және спорттық құралдармен қамтамасыз етілген. Әдістемелік кабинетте балалар мен ата-аналар арасында жұмыс түрлерін ұйымдастыруға көмек көрсететін қажетті әдістемелік, анықтамалық, танымдық әдебиеттер бар. Жыл бойы балалар әдебиетінің кітапханасы толықтырып отырады. Кіші қызмет көрсетуші персонал жыл бойы тұрақты жұмыс істеді, ішкі еңбек тәртібі ережелерін бұзу, лауазымдық нұсқаулықтар тіркелмеген. Кіші және техникалық персоналдың жұмыс кестелері уақытында ресімделді, персонал болмаған жағдайда ауыстыру уақтылы жүргізілді. Сондай-ақ, қызмет көрсету және бақылау ұйымдары тарапынан тақырыптық тексерулер жүргізілді:

- жылу жабдығының жай-күйі;
- ғимараттардың техникалық жай-күйі;
- өрт сигнализациясының автоматты жүйесі және адамдарды өрт туралы хабарлар ету жүйесі;
- жарықтандыру, үй-жайлардың ылғалдылығы;
- өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптары, нормалары мен ережелерін орындау.

Бақылау нәтижелері бөбекжайда шаруашылық жұмыстары тиісті деңгейде жүзеге асырылатындығын көрсетті.

Қиындықтар:

- балалардың эксперименталдық жұмысына қажетті материалдардың жеткіліксіздігі, соған арналған арнайы орталықтардың болмауы және балалар үшін қол жетімсіздігі;
- Бөбекжайда дене шынықтыру залының жоқтығы.

Себептер:

- тәрбиешілердің біліктілігінің төмендігі және бөбекжай топтарының тар болуынан балалар эксперименталдық орталықтарының болмауы;
- Ғимаратта артық бөлмелердің болмауы.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, анықталады:

Келешек жұмыстардың міндеттері

- Материалдық базаны толықтыру және нығайту мақсатында жұмыстарды әрі қарай жалғастыру;
- Тәрбиеленушілердің маңызды компетенцияларын қалыптастыру үшін пәндік-дамытушы орта жұмыстарын жандандыру және оны «ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына» сәйкестендіру;
- Қазақстанда нығайтылатын жаңа әдістемелік құралдармен, ұсыныстармен толықтыру;

Жылдық жоспар бойынша ата-аналармен жұмыстың талдауы

Ата-аналармен жұмыс жоспарының міндеттері мен нақты мазмұны балабақшаның тәрбие жұмысының жоспарымен тығыз байланысты және біз оны қызметтің үш негізгі кезеңінде жасалық:

1. тәрбиеленушілердің отбасыларын зерттеу;
2. ата-аналардың құқықтық, психологиялық және педагогикалық мәдениетін жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізу;
3. күнделікті қарым-қатынас процесінде және арнайы ұйымдастырылған іс-шараларда (мерекелер, кеңестер, балалар суреттерінің көрмесі, театрлық іс-шараларды бірлесіп

қарау) ата-аналар мен балабақшаның педагогикалық ұжымы арасында сенімді қарым-қатынасты қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.

Оқу жылында балабақша тәрбиешілері ата-аналардың құқықтық, психологиялық және педагогикалық мәдениетін жақсарту бойынша көптеген жұмыстар жүргізді:

4. Балалар құқығының құқықтық негіздері туралы хабардар болды;

5. Отбасы мүшелерін балаларды мереке күндері тәрбиелеу және дамыту процесіне, балалар суреттерінің көрмелеріне және басқа да балабақша іс-шараларына тарту;

6. Ата-аналармен бірге қашықтықтан мерекелер, спорттық жарыстар ұйымдастырылды.

Біз ата-аналарға балалармен жұмыс жасалудың мазмұны, нысандары мен әдістері туралы үнемі ақпарат беріп отырдық, ата-аналарды балаларына арналған тәрбие процесіне отбасылық ойындар конкурстарын, отбасылық альбомдар, газеттер және т.б. ұйымдастыру арқылы қосуға тырыстық. Топтық жиналыстар жылына 2 рет өткізілді. Балабақшада ата-аналармен жұмыстың тиімді түрлері қолданылды: әр топта балалардың шығармашылық жұмыстарының көрмелері және ата-аналармен бірлескен жұмыстар ұйымдастырылды. Оқу жылында жүргізілген сауалнаманың нәтижелері ата-аналар балабақша ұжымының жұмысын оң бағалайды, тәрбиешілерге және бүкіл балабақшаға ризашылықтарын білдіреді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Педагогикалық ұжымның күш-жігері ата-аналармен жұмыс жасау тәсілдерін жетілдіруге, отбасымен өзара әрекеттесудің тиімді формаларын табуға бағытталған. Осы мақсатқа жету үшін тәрбиешілер шәкірттерінің отбасыларын зерттеді; балаларды отбасында тәрбиелесудің әлеуметтік-экономикалық шарттары, ата-ана тәрбиесі, ата-ананың тәрбие кеңіндегі қиындықтары.

Ата-аналармен жұмыс жүйелі түрде жүргізілгенін ұйымдастырылған іс-шаралар арқылы байқауға болады. Мысалы, «Қариялар күні» мерекесіне орай «Ардағым-Ардагерім» атты іс-шаралар жоспары жасалынды.

Алтын күз мерекесі қарсаңында «Күз керемет» атты табиғи материалдардан көрме ұйымдастырылып, ата-аналар табиғи материалдан жасаған бұйымдарынан көрме ұйымдастырды. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында ата-аналардың қатысуымен «Тәуелсіз Қазақстан!» атты суреттер көрмесі өтті. Көрмеге барлық топтың ата-аналары белсенді қатысты. «Баланың тілін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар» атты жылжымалы панка, «Менің отбасыммен демалысым» - фотокөрме, «Ойлаймыз да ойиншймыз» - фото көрініс, «Балабақша мен отбасы» атты педагогикалық консилиум, «Балаларды қалай жақсы көру керек?» ата-аналар үшін қарым-қатынас сабағы, практикалық ұсыныстар, «Баланың үрейі» психолог кеңесі, «Мектепке барамын» тақырыбында ата-аналарды, психолог, бастауыш сынып мұғалімдерін қатыстыру негізінде ашық есік күні, «Іш-арқазан ауруларының профилактикасы» медбике кеңесі, «Отбасында баланы еңбекке баулу» кеңес, «Дені сау болып өсемін!» (кіші топ балаларын тамақтандыру) Тағамдық жоспарлар мен дәрумендер», «Егу не үшін қажет?» медбике кеңесі, «Компьютер ойындарының зияны» атты кеңес, «Жол тәртібін білейік, Аман есен жүрейік!»-жылжымалы панка, «Күстарға қамқорлық» табиғи материалдардан көрме, жас ата-аналарға кеңес: "Сөйлеп үйренемін", «Ата-ана баланыз мектепке дайын ба?» атты сауалнама, «Ертегілер әлемі» кітаптар көрмелері ұйымдастырылды. Ата-аналар жиналысында оқу жылында өткізілген жұмыстар жайлы ақпарат беріліп, балабақшаның негізгі мақсат-міндеттерінің орындалуы, сонымен қатар балабақша және үй жағдайында балалардың өмірлерін сақтау және денсаулықтарын қорғауды ұйымдастыру шаралары айтылды. Оқу жылының аяғында ата-аналар арасында «Балабақша жұмысы жайлы Сіз не ойлайсыз?» атты сауалнама жүргізілді. Жалпы ата-аналар жиналысында және арнайы топтық отырысқа ата-аналардың 65 пайызы қатысып, аталған мәселелерге қатысты жоғары белсенділікті танытты.

Сауалнама парақтарын талдау келесі нәтижелерді көрсетті:

Сауалнамаға 76 % астам ата-ана қатысты:

- Сауалнамаға қатысушылардың 82 % балабақша жұмысын жоғары бағалады;
- Балабақша жұмысын орташа деп бағалаған ата-аналардың 5%;
- Балабақшаның жұмысы нашар деп ешкім айтаған.

Екі жыл ішінде ата-аналармен сауалнама жұмыс келесі түрлері жүргізілген:

- ☞ «Өз баланыз туралы не айтасыз?» - қыркүйек, 2022ж.
- ☞ «Ата-ана, балабақша тынысымен танысыңыз ба?» – қазан 2022 жыл
- ☞ «Балалардың темпераментін анықтау «Ата-аналар, баланың мінез-құлқы» - сауалнама, ақпан 2023 ж.
- ☞ «Бала мектепке дайын ба?» - мектепалды даярлық топтары - сәуір 2023 ж.

Ата-аналардың бөбекжай жұмыстарына қанағаттанушылық дәрежесін анықтау мақсатындағы, өзін-өзі бағалау материалдарын дайындау үдерісінде, ата-аналармен сауалнама жүргізілді, оған 58 адам қатысты.

Ата-аналардың мектепке дейінгі ұйымдардың жұмыстарына деген қанағаттанушылық мәселесі жөніндегі сауалнама нәтижесі төмендегідей болды:

- * 97% ата-ана мектепке дейінгі мекемедегі өзінің баласының білімі және тәрбиесі туралы мақсаттары мен міндеттері, мектепке дейінгі мекеменің жұмыс кестесі және балалардың тамақтануы туралы ақпарат алады;
- * 89% ата-ана мектепке дейінгі мекемеде балаларды бейімдеу жөніндегі арнайы жұмыстардың қалай өткізілетіндігіне қанағаттанады;
- * 85 % ата-ана тәрбиешілердің, олармен балалардың мектепке дейінгі мекемеге келуіне қатысты әр түрлі мәселерді талқылайтындығын атап көрсетті;
- * 90% ата-аналар топтағы күнделікті оқиғалар туралы, баланың білім жетістігі, денсаулық жағдайындағы өзгерістері және т.б. туралы (ақпарат қабырғасы, қызметкерлердің ауызша хабарламасы) ақпарат алады;
- * 90% ата-аналардың қызметкерлермен бірге бірлесіп өткізілетін жиналыстарда балалардың жетістіктері туралы талқылау мүмкіндіктері бар;
- * 93% ата-ананы баласының мектепке дейінгі мекемедегі күтімі, алатын білімі және тәрбиесі (сауықтыру, қабілеттерін дамыту және т.б.) қанағаттандырады;
- * 97 % ата-ана мектепке дейінгі мекеменің қызметкерлері оларға және олардың балаларына тілектестікпен (жылы шыраймен) қарайтындығын сезінеді;

Сауалнама соңында ата-аналарға мектепке дейінгі мекеменің басқа да жұмыстары және оларға енгізуге болатын өзгерістер туралы кез-келген қосымша ойларын жазуға ұсыныс жасалды. Ата-аналардың көпшілігі балабақша туралы жақсы пікірде. Олар барлық қызметкерлерге балаларға деген қамқорлықтары мен сүйіспеншіліктері үшін алғыс айтады. Ата-аналардың балабақшадағы тәрбиеге және білімге көңілі толады.

Бірақ әкімшілікке қатысты мынадай өтініштер болды:

- * балалар алаңындағы керек-жарақтарды ауыстыру, жана өткеншектер, сырғанау төбешіктерін орналастыру;
- * балабақша қабырғасынан бастап ұлттық тәрбиеге көп мән берілсе;
- * жазуды, сәнуды ересек топтардан бастаса.

Ата-аналарға қойылған әлеуметтік сұрақтардан, ата-аналар балабақша жұмыстарына (92 %) өте риза деген қорытынды жасауға болады. Олардың тәрбие және білім беру жұмыстарының ұйымдастырылуына, педагогтар мен олардың балалары арасындағы өзара қарым-қатынасқа, баланың қауіпсіздігінің қамтамасыз етілгендігіне, тамақтанудың ұйымдастырылуына және өздері мен балабақша қызметкерлері арасындағы қарым-қатынасқа көңілі толады.

Сауалнама нәтижесі бойынша ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру бойынша нақты ұсыныстар берілді.

Ата-аналар бөбекжайда қауыптықтан өткен сайыстарға белсенді қатысты, сонымен қатар, балалармен бірге дәстүрге айналған іс-шараларға, мейрамдарға ата-аналар белсенді қатысып, өз көмектерін аямады. Бөбекжайда ұйымдастырылған жұмыстарға ата-аналардың қанағаттануын анықтау және педагогтардың өздерінің кәсіби жұмыстарына деген қанағаттануын анықтау мақсатында, жыл сайын психолог ата-аналармен және педагогтармен сауалнама жүргізеді. Жыл бойы ата-аналарға арналған екі анық есік күндері ұйымдастырылды. Олардың мақсаты жас ұрпақты тәрбиелеу және білім берудегі педагогтардың көптеген мақсат-міндеттерін іске асыру жұмыстарымен таныстыру болып табылады. Оқу жылы бойы ата-аналар комитетінің мүшелері белсенді жұмыс істеді.

Қысқашықтар:

- Ата-аналардың арасында балабақша жұмысын объективті бағаламайтындар кездесуі;
- Бөбекжай қызметкерлерінің баланың тәрбиелену, білім алуы және олардың денсаулықтарын сақтау кеңестеріне ата-аналар арасында құлақ салмайтындардың болуы.

Себептер:

- Балалармен жүргізіліп жатқан жұмыстар жайлы, оның ішінде тәрбиеленушілердің денсаулықтарын сақтау жайлы ата-аналар арасында ақпараттың аз болуы және жұмыстардың жүйесіз жүргізілуі;
- Бөбекжайда жүргізіліп жатқан шараларға ата-аналардың қатысу төмендігі;

Күшті жақтары:

- балабақша және педагогтардың жұмысының ата-аналар тарапынан жағымды бағалануы;
- ата-аналардың бөбекжай жұмысына араласуы және көмек көрсетуге дайындығы;
- Бөбекжай жұмысынан жалпы ата-аналардың хабардар болуы.

Шешу жолдары:

- Бөбекжайға әртүрлі себептермен келмейтін балалардың ата-аналары үшін кеңес беру орталығын ашу. Аталған орталықтың мақсат-міндеттерін, жоспарын құру.
- Ата-аналарға арналған стендтерде балалармен күнделікті жүргізіліп жатқан жұмыстарды арнайы рубрикалар арқылы көрсету, мысалы «Біз бүгін немен айналыстық», «Біздің жетістіктеріміз» т.б.
- топта жүргізіліп жатқан іс-шараларға ата-аналарды қатыстыру, сонымен қатар ұйымдастырылған оқу қызметтеріне шақыру;
- балалардың денсаулықтарын сақтауға бағытталған ортақ тәсілді қалыптастыруда «Сіздің баланыңыздың денсаулығы Сіздің қолыңызда» атты жалпы ата-ана жиналысын өткізу.
- Ата-аналар жиналыстарында ата-аналарға бөбекжайда енгізіліп жатқан білім беру бағдарламалары, балаларды тәрбиелеу және оларды оқыту жайлы мәлімет беру.
- Ата-аналарды балалар мекемесінде өткізіліп жатқан денсаулық сақтау шараларының нәтижелерімен ақпараттық стендтер және ата-аналар жиналысы арқылы таныстыру.
- Әр топта медбике ақпараттық стендте «Айболит кеңестері» атты рубрикасын жүргізу.

Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын бекіту.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 172 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 11 қазандағы № 518 бұйрығы негізінде балаларды тұрақты немесе уақытша орналасуға қабылдау онда бос орынның болуына қарай жыл бойы жүргізіледі. Елді мекеннің ішінде бір мектепке дейінгі ұйымнан басқасына орын алмастыру жас топтары сәйкес келген жағдайда, ата-аналардың және мектепке дейінгі ұйым басшыларының келісімімен жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі ұйым қызметі екі кезеңге бөлінеді:

- 1) 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеру кезеңі;
- 2) 1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі.
- 3) 1 қыркүйекте 6 (7) жасқа толған балалар мектепке дейінгі ұйымнан жыл сайын 1 тамызға дейін босатылады;
- 4) балаларды бір жас тобынан басқасына ауыстыру ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

Сыртқы факторлар	Күшті жақтары 1. Мектепке дейінгі мекеме педагогикалық кадрлармен толық қамтамасыз етілуі; 2. Педагогтардың біліктілік курстарынан уақытылы өтуі; 3. Педагог-кадрлардың жүйелі түрде аттестаттаудан өтуі; 4. Оқу-тәрбие үрдісінде АКТ-ны қолдануы; 5. Оқу-тәрбие үрдісіне мониторинг жүргізілуі; 6. Педагогтардың республикалық, облыстық, қалалық байқауларға, конференция, семинарларға қатысуы. 7. Топ бөлмелерінің жана жиһазбен қамтылуы; 8. Тәрбиеленушілердің әртүрлі сайыстарға қатысуы.	Әлсіз жақтары 1. бірінші санатты педагогтардың 8,38%, екінші санатты педагогтар 53,84%, санаты жоқ педагогтардың 23,407%-ды, көрсетуі; 1. Оқыту нәтижесінде кейбір ата-аналардың оқу үрдісінде белсенділік танытауы; 2. Педагогтардың ғылыми-зерттеу жұмысымен аз айналысуы; 3. Спорт залының жоқтығы; 4. Жас мамандар тұрақсыздығы; 5. Ата-аналардың бөбекжай жұмыстарына белсене араласпауы және бөбекжай өміріне қызығушылықтарының төмендігі; 6. Балалардың танымдық қабілеттерінің орташа деңгейде болуы және эксперименталды-танымдық әрекеттері жетілмегендіктері.
Ішкі факторлар	Мүмкіндігі 1. Өрлеу «БАҰО» біліктілік арттыру курстарына жіберу, Түркістан облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік ортаның арқылы тәжірибесі аз педагогтардың кәсіби шеберліктерін көтеру. 2. Желілік қоғамдастықты басқа балабақшалармен құру. 3. Желілік қоғамдастық құру арқылы педагогтар тәжірибесін кең түрде тарату және кәсіби білім мүмкіндіктерін кеңейту.	Қауіп қатер 1. Педагогикалық кадрлардың жиі ауысуы. 2. Педагогтардың өз бетімен білімін толықтыруға, кәсіби өсуге ұмтылыстарының әлсіздігі; 3. Бөбекжайдың кенттің шетінде орналасқаннан бала санының аздығы.

2024 – 2025 оқу жылының мақсаты:

Балабақша мақсаты:

Әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адам және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Балабақшаның басымдылық бағыты: Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру аясында мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізі бағыттары:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру;
- балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамыту. Баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъект) деп тану.
- ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға қоғамның оң көзқарасын қалыптастыру;
- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіруді (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жалпы когнитивтік дамуы);
- әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

2024 – 2025 оқу жылына арналған жылдық міндеттер

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
 - балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
 - тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
 - Отанды, ана тілін сүйге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- Ұлттық құндылықтарға басымдық беретін бағдарлама құрастыру және білім парадигмасына сәйкес төмендегідей қажеттіліктерден туындап отыр:
- Мектепке дейінгі тәрбие мен білім және мектепалды даярлықтың нәтижеге қайта бағдарлануы;
 - Мемлекеттік жаңыға міндеті білім беру стандартына сәйкес білімнің практикалық құндылығын қамтамасыз ету.
 - Өмірлік білім моделінен өмір бойғы білім моделіне сәйкес білім беру;
 - Баланың қандай да бір саладағы білім мен тәжірибесімен және оларды нақты бір жағдайда соған сай қолдана білу біліктілігімен байланысты қасиеті-құзіреттілігін қалыптастыру.

Сол себепті алға қойылып отырған мақсат:

«Кішкентай бүлдіршіндердің жасын, жеке ерекшеліктерін, психологиялық процестерін ескере отырып, ұлттық құндылыққа негізделген, қоғамдағы жағымды қатынастарға қабілетті, шығармашыл ұрпақ тәрбиелеу»

Міндеттері

- Қазақтың ұлттық ойындары арқылы баланың денсаулығын нығайту, пыялау.
- Тыйым сөздер, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жарналар арқылы ана тілін жетік меңгерту, сөздік қорларын байыту.
- Ұлттық бұйымдарды, заттарды дұрыс пайдалана білуге, тануға ұмтылдыру.
- Қарындас, ермексас, түрлі-түсті қағаздар арқылы ұлттық әшекейлерді бұйымдарды жасау арқылы шығармашылық мәдениеті мен есестегу қабілеттерін дамыту.
- Ұлттық тәлім-тәрбие арқылы жағымды мінез-құлық қалыптасқан, Отансүйгіш, ұлтжанды, үлкенді құрметтей, киіпке қамқор бола білетін тұлға қалыптастыру.

ТОПТАР САНЫ

№ р/с	Топтың атауы	Жас ерекшелігі	Топ	Тәрбиешілер
1	Бал бөбек	2 жас	Кіші	Ералиева Маржан Турмұхановна Лакбаева Акмарал Ибадуллақызы
2	Бал бала	3 жас	Кіші	Байқенова Арайлым Женисовна Серікбаева Айгүл Сағынғалиқызы
3	Балдаурен	3 жас	МАД	Карибеева Гүлайым Наурызбайқызы Шортанбаева Гүлжайна Мейірманқызы
4	Бәйтерек	4 жас	Орта	Досымбекова Галия Егізбайқызы
5	Балдырған	4 жас	Орта	Айтжан Гауһар Дәрібайқызы Сарипбекова Маржан Алимбековна
6	Бәйгешек	5 жас	Ересек	Кенесбайқызы Индира Қойшыбаева Гүлмаржан Мұратжанқызы

ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР СИПАТТАМАЛАРЫ

Балабақша ұжымы штат кестесіне сәйкес жұмыс істейді.

Педагог қызметкерлер құрамы – 17 адам. Оның ішінде: 1 менеджер, 1 әдіскер, 1 музыка жетекші, 1 педагог-психолог, 1 логопед – дефектолог, 12 тәрбиеші.

Педагог қызметкерлер құрамын талдау (білімі және санаты)	Саны	Пайызы
Жоғарғы мектепке дейінгі білім/ Жоғарғы педагогикалық білім	17	100 %
Орта арнаулы мектепке дейінгі	0	0
Жоғары санат/Зерттеуші	0	0
Бірінші санат/Сарапшы	1	10%
Екінші санат/Модератор	8	45%
Санат жоқ	8	45%

Мектепке дейінгі ұйымда жұмыс жасайтын барлық педагогтер сәйкес келетін негізгі педагогикалық білімге ие

- _ 100 % жоғары педагогикалық білімге ие педагогтер,
- _ 48 % жоғары мектепке дейінгі біліммен,
- _ 0 % орта арнаулы мектепке дейінгі білім

Біліктілік санаттары жоқ педагогтер - олар жас мамандар

Педагогикалық қызметкерлердің еңбек өтілдері

Оқу жылы	0-5 жыл	5-10 жыл	10-20 жыл	20 және одан жоғары	Барлығы
2023 – 2024 оқу жылы	3	7	4	3	17

2023 – 2024 оқу жылы аттестаттаудан өткен педагогтер саны

Оқу жылы	Аттестаттаудан өтетін педагогтер			
	Модератор	Сарапшы	Зерттеуші	Шебер
2023 – 2024 оқу жылы	8	1	0	0

Мектепке дейінгі ұйымды нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

№	Құжаттың атауы	Құжаттардан нұсқаулар
1.	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319	30-бап. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту 1. Алты жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу отбасында немесе бір жастан бастап мектеп жасына жеткенге дейін мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асырылады. Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы және ұсынымдары ескеріле отырып, мектеп жасына жеткенге дейін мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асырылады 2. Мектепке дейінгі оқыту балаларды мектепте оқытуға мектепалды даярлық түрінде бес жастан бастап жүзеге асырылады. Мектепалды даярлық міндетті және отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады. Мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы мектепалды даярлық тегін болып табылады.
2.	«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 ж. 11 шілдедегі № 151-І Қазақстан Республикасының Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151	Осы Заң Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді. Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді.
3.	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы. (23.11.2010 № 354-IV ҚРЗ өзгерістермен). https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345	Осы Заң балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді.
4.	«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 306 Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306	Осы Заң ойыншықтар қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі талаптарды айқындау, белгілеу, қолдану, орындау және бақылау жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейді. Ойыншықтарға қолдануға және орындауға міндетті бірінғай талаптарды белгілейді.
5.	«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293	Осы Заң педагог мәртебесін айқындайды, педагогтің құқықтарын, әлеуметтік кепілдіктерін және шектеулерін, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейді.
6.	Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23	Кодекс қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасындағы еңбек қатынастарын реттейді, еңбек шарты тараптарының құқықтары мен

